

**Күштік құрылымдар арасындағы байқау қорытындыланды**

Астанада «Рухани жаңғыру - патриотизм негізі» атты тақырыпта күш-қуат құрылымдары арасында өткен республикалық ведомствоаралық байқау қорытындыланды.

Дәстүрге айналған аталмыш шара биыл үшінші рет өткізілуде, деп хабарлады ҚР Бас прокуратурасының баспасөз қызметі.

Байқаудың негізгі мақсаты - Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын насихаттау мен патриоттық рухты күшейтуге қадам жасау. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының бастамасымен және Президент Әкімшілігінің, Мәдениет және спорт министрлігінің Тілдерді дамыту комитетінің қолдауымен өткізіліп жатқан шараны ҚР Мемлекеттік хатшысы Әбдіқалықова Гүлшара Наушақызы ашты. Ол республикалық деңгейде өткізіліп отырған шараның маңыздылығына тоқтала келе барлық командаларға сәттілік тіледі.

Шара қонақтарының қатарында ҚР Президент Әкімшілігінің өкілдері, Конституциялық Кеңес мүшелері, Парламент депутаттары, сондай-ақ құқық қорғау мен мемлекеттік органдардың өкілдері болды.

Байқауға - Бас прокуратура, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Ішкі істер министрлігі, Қорғаныс министрлігі, Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, Мемлекеттік күзет қызметі өкілдерінен құрылған 6 команда қатысты.

Командалар 2 айналым бойынша сайысқа түсіп, бақ сынасты. Біріншісі - мемлекеттік органның қызметі және рухани жаңғыру аясындағы атқарылып жатқан нақты істерге негізделген таныстыру мен бейнебаян сынды екі бөлімнен тұрса, ал екіншісі - «Рухани жаңғыру - патриотизм негізі» сахналандырылған көріністен тұрды.

Сайысты тамашалауға келген қауым командалардың шығармашылығына әбден қанық болды.

Әрбір ведомствоның өкілдері мемлекеттік тілді жетік білетінін, оны кәсіби қызметте қолдану дағдыларын әрі шеберліктерін өзара сынға салды.

Байқаудың қорытындысы бойынша бас жүлдені - Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, Бірінші орынды - Қорғаныс министрлігі, Екінші орынды - Бас прокуратура және Мемлекеттік күзет қызметі, Үшінші орынды - Ішкі істер министрлігі және Ұлттық қауіпсіздік комитеті командалары иеленді.

Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен марапатталды. Байқаудың жекелеген айналымдарында ерекше көзге түскен қатысушылар түрлі номинациялар бойынша алғыс хатпен ынталандырылды.

ҚазАқпарат

**Жастар саясатының басымдықтары жаңартылды**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен «Қазақстан 2020: болашаққа жол» мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жаңартылған жоспары қабылданды.

Онда Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының басты міндеттері ескерілген, деп хабарлайды ҚазАқпарат.

Қазақстан Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі таратқан ақпаратқа сәйкес, жаңа іс-шаралар жастарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесуге, отбасы құндылықтарын насихаттауға, әскери-патриоттық тәрбиелеуге, тиімді бос уақытын ұйымдастыруға, жастардың бастамаларын және жастар ұйымдарын институционалдық қолдауға, ауыл жастарының мүмкіндіктерін дамытуға, жастар кәсіпкерлігіне, волонтерлік пен халықаралық жастар ынтымақтастығына бағытталған.

«Жоспарда ерте кәсіптік бағдарлау бағытындағы жұмысты жүргізу бойынша «Түлектер тақтасы», «БӨИТЕРЕК-fest» жастар шығармашылық фестивалі, «Туған жер» патриоттық шығармашылық фестивалі, «Жастардың әлеуметтенуі мен дамуы бойынша жалпыұлттық жоба», «Туған жерден-туған елге» Қазақстан Республикасының киелі жерлеріне жоғары сынып оқушыларына туристік жорық ұйымдастыру», «Жастарды әлеуметтік қолдау және жұмыспен қамтамасыз ету мәселелері бойынша қоғамдық мониторинг», «Отбасы сағаты» республикалық акциясын өткізу» және басқа да жаңа жобалардың іске асырылуы көзделген. Сонымен қатар, «Рухани жаңғыру» тақырыбын ЖОО құрамдасы шеңберінде гуманитарлық бағыттағы мамандықтарға енгізу жоспарланған», - делінген таратылған ақпаратта.

Ведомствоның атап өтуінше, Мемлекет басшысының «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының негізгі бағыттарын ескере отырып, жоспарды қабылдау Мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асырудың екінші кезеңіндегі қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге, мемлекеттік жастар саясатын іске асыру саласындағы ведомствоаралық өзара қатынасты күшейтуге, жастармен жұмыста жаңа тәсілдерді әзірлеуге мүмкіндік береді.

Жоспар Қазақстан Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам министрлігімен мүдделі мемлекеттік органдар, жастар ұйымдары, жастар саясаты саласындағы сарапшылардың ұсыныстарын ескере отырып әзірленген.

**Танымды кеңейткен тақырыптық көрме**

Жуырда Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының жалпы кітапханасында Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы негізінде курсанттарға кітапхана қызметкерлерінің ұйымдастыруымен «Қазақ тілі графикасының тарихы және латын әліпбиіне көшу» тақырыбында шағын көрме өткізілген болатын.



1926-1929 жылдардан бастау алғаны баршамызға тайға таңба басқандай белгілі. Тіл тарихына үңілер болсақ, 1929 жылы қазақ жазуы ресми түрде латын әліпбиіне көшкен болатын. Сонымен қатар, 1929-1940 жылдар аралығында латын әліпбиі қолданыста болған еді. Ұлтымыз басынан үш алфавит жүйесін өткергендігін де білеміз. Олар: біріншіден - 1929 жылға дейін араб әліпбиі, екінші - 1929-1940 жылдар аралығында латын әліпбиі және үшіншісі - 1940 жылдан бастап қолданысқа енгізілген кириллицаға негізделген қазақ әліпбиі.

Ғалымдардың пікіріне сүйенер болсақ, латын әліпбиіне көшу соншалықты қиындық тудырмайды. Бүгінгі таңда қоғамда әліпбиді ауыстыруға байланысты түрлі пікірлер айтылуда. Айталық

Елбасымыздың бағдарламалық мақаласы жарияланғаннан кейін бұқаралық ақпарат құралдарында латын әліпбиіне көшу туралы көптеген пікірлер туындағаны да сөзсіз. Сондай-ақ бұл мәселенің әрбір аспектісі талқыланып, қоғамның әртүрлі өкілдері осы шешімді жүзеге асыру бойынша нақты ұсыныстарын енгізуде. Жалпы айтарлық жағдай, латын әліпбиіне көшу – әріптің таңбасын ғана өзгерту емес, оның саяси мәні тереңде жатыр. Көрмеге қатысушы курсанттар келешегі зор әліпбиді оқып-үйрену өздері үшін зор абырой екенін атап өтті.

Сонымен қатар, көрме ұйымдастырушылары Л.Н. Толстой атындағы Қостанай облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының мұрағатында 1930-1940 жылдардағы газет тіпінділерінің әлі күнге дейін сақталып келгенін айтып кетті. Тамыры тереңде жатқан қазақ тілінің тарихына көз жүгіртіп, ой бөлісу арқылы білімін шыңдап, өрісін кеңейтіп қайтқан курсанттар аталмыш көрменің ұйымдастырылғанына ризашылықтарын білдірді.

Мейрам ОСПАНОВ,  
ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы  
Қостанай  
академиясының баспасөз  
хатшысы

**Балалар құқығын қорғау...**

Балалар омбудсменінің бастамасымен Қазақстандағы балалар құқығын қорғау бойынша құны 163 млн теңгелік 14 гранттық жоба жүзеге асырылып жатыр.

Бұл туралы ҚР Дін істері және азаматтық қоғам министрі Бүкіләлемдік балалар күніне орай ұйымдастырылған халықаралық конференция барысында мәлім етті, деп хабарлайды «ҚазАқпарат» ХАА тілшісі.

«Биылдан бастап Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары жөніндегі уәкілі Зағипа Балиеваның бастамасымен біздің министрлік балалардың құқығы мен мүддесін қорғауға бағытталған құны 163 млн теңгелік 14 жобаны іске асыра бастады. Бұл ауқымды жұмыстың басы ғана. Егер еліміздегі

13 мың Үкіметтік емес ұйымның жоқ дегенде 10 пайызы балалардың құқығы мен мүддесін қорғау бағытында жұмыс жүргізсе, біздің балалар мен жасөспірімдер толығымен қажетті қамқорлықта болар еді», - дейді Нұрлан Ермекбаев.

Оның айтуынша, аталған гранттық жобалардың тақырыбы бірінші халықаралық «Балаларға мейірімді Қазақстан» конференциясының қорытындысы бойынша белгіленген. Ол жобалардың тақырыбын омбудсмен, Балалардың құқығы бойынша БҰҰ комитеті мақұлдаған. Осы жобалар аясында зерттеу жұмыстары жүргізіліп, білім және кеңес беру орталықтары, 7 ҰЕҰ базасында әлеуметтік қызметтің шағын желілері пайда болған. Жалпы, жобалар бойынша 65 мың бала мен жасөспірім қамтылған.

**Жемқорлыққа қарсы іс-шаралар ұйымдастырылуда**

Облысымызда мемлекеттік қызметшілердің, студенттер мен оқушылардың қатысуымен алдағы келе жатқан 9 желтоқсан - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Халықаралық күніне орайластырылған іс-шаралар ұйымдастырылуда.

Аталған іс-шаралар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Қостанай облысы бойынша департаментінің бастамашылдығымен ұйымдастырылуда.

Өткен жұмада, 24 қарашада А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті жанындағы алаңда өңіріміздегі жоғары, орта оқу орындары студент жастарының

қатысуымен «Адал бол» флешмобын аталмыш департамент облыстық жастар жөніндегі саясат басқармасымен бірлесіп өткізді.

Осы іс-шараны өткізу кезінде сөз алған ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қостанай облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары Е.Салықбаев: «Біздің 23 қараша - 7 желтоқсан аралығында ұйымдастыратын іс-шараларымыздың барлығы да 9 желтоқсан - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Халықаралық күрес күніне арналады. Бұл атаулы күн Біріккен Ұлттар Ұйымының бастамасымен атап өтіледі. 2003 жылғы 9 желтоқсанда Мексиканың Мерида қаласында өткен жоғары деңгейдегі конвенцияда

сыбайлас жемқорлыққа қарсы құжатқа қол қойылды. Конвенцияның басты мақсаты – жемқорлықтың алдын алу, жою. Ал, енді іс-шараға келер болсақ, бұл акция барысында студент жастарымыз аспанға жүз шар ұшырады. Жүз шар – Ұлт жоспары «100 нақты қадамды» атап көрсетеді. Сол секілді спорт, зияткерлік ойындары, дөңгелек үстел, кездесулер өтеді. Бұл шаралардың көздейтіні – ескелең ұрпақтың, жұртшылықтың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттілікті, «мүлдем төзбеушілік» қағидатын, құқықтық сауаттылықты қалыптастыру, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, - деп нақтылап айтқан болатын.

Іс-шаралар жер-жерде өткізілетін болады.

**Көлікті тіркеудің жаңа ережесі**

Үстіміздегі жылғы 27 қарашадан бастап күшіне енген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жаңа бұйрығына сәйкес Қазақстанда көлікті тіркеуге қатысты жаңа ереже қолданысқа енгізілді.

КТК арнасына сілтеме жасай отырып берілген NUR.

KZ-тің ақпаратына қарағанда, енді сіз шетелдік зауыттың Қазақстан аумағында жұмыс істейтін ресми дилерінен темір тұлпар сатып алсаңыз, оны техникалық тексерістен өткізу міндетті емес. Яғни, су жаңа көліктің еш ақауы жоқ екенін құжат жүзінде дәлелдеудің қажеті жоқ.

Бұл жеңілдік аты-жөнін, тегін өзгерткендерге де

қатысты.

Сонымен қатар 001, 002, 777, 555 сынды қымбат нөмерлерге тапсырыс бергендер қасына қосымша қалаған әріптерін де таңдай алады.

Бірақ, ААА, ЖЖЖ, ТТТ сынды бірдей үш әріпті қаласаныз, оған салынатын салық жоғары болады.

"Егер көлік иесі некеге

байланысты немесе ұлттық дәстүрге қатысты тегін өзгертсе және тіркеу туралы куәлігін жоғалтып алса, машинаны қайта тексеруден өткізудің қажеті жоқ. Құжаттарын да ауыстырмайды. Жаңа ережеде осындай жеңілдіктер жасалған", - дейді ІІМ Әкімшілік полиция комитетінің ресми өкілі Ирина Лукьянина.

## Мемлекеттік күзет қатары толықты

**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі өз қатарына жас сарбаздарды қабылдады.**

Биыл Мемлекеттік күзет қызметі үшін мерейлі жыл. Себебі, Мемлекеттік күзет қызметінің ізашарлары – Қазақстан Республикасы Президентінің күзет қызметі мен Республикалық Ұланның құрылғанына – 25 жыл. Ширек ғасыр бойы Елбасының және өзге де күзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісін мінсіз атқарып келе жатқан құрылымның қатары жас сарбаздармен толықты.

Алматыда орналасқан Мемлекеттік күзет қызметінің «Батыр» полкында республикамыздың барлық өңірінен мерзімдік әскери қызметке Отан алдындағы конституциялық борышын өтеу үшін жаңадан қабылданған 295 сарбаз салтанатты түрде Әскери ант қабылдады. Бұл акт – ерекше әскери жоралғы. Ол әскери қызметшілерде патриотизм, Отанға және Президентке адал болу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің қатарында қызметке қабылданғаны әрбір сарбаздың бойына мақтаныш сезімін ұялатады. Отанға қызмет етемін деп ант қабылдаған кешегі жас жігіт Мемлекеттік күзет қызметінің әскери қызметшісі мәртебесіне ие болады.

Күзгі әскерге шақыру науқаны уақытында қызметтің офицерлері әскери қызметке 2500-ден артық үміткерді зерттеп-зерделеді, бір орынға 8-9 адамнан келді. Әскерге шақыру нәтижесі бойынша Мемлекеттік күзет қызметінің қатарына шақырылған жас сарбаздардың сапалық сипаттамасы жоғарғы деңгейде екенін көруге болады. Көптеген әскери қызметшілердің жоғары және орта-арнайы білімі, сондай-ақ спорттық

разрядтары бар.

Мемлекеттік күзет қызметінің әскери қызметшілері Мемлекет басшысының қатысуымен өтетін барлық мемлекеттік іс-шараларға қатысады. Ел Президентінің ұлықтауын өткізу кезінде залға мемлекеттік атрибуттар мен Президенттік биліктің рәміздерін енгізеді, «Ақорда» резиденциясында және әуежайда шетел қонақтарын күтіп алудың салтанатты рәсіміне, Әскери парадтарға қатысу сияқты жауапкершілігі зор, жүгі ауыр маңызды міндеттер Мемлекеттік күзет қызметіне жүктелген.

Шеберлікті шыңдау және жүктелген міндеттерді орындау мақсатында әскери қызметшілер күн сайын тыңғылықты дайындық жасайды, саптық жаттығулар өткізеді. Қызметтің әскери бөлімдерінде спортты дамыту және салауатты өмір салтын насихаттау үшін барлық жағдайлар жасалған. Бөлімдердің спорттық базасы спортпен шұғылдану үшін жеке құрамды толық қамтуға мүмкіндік береді. Атлетикалық гимнастика, қоян-қолтық ұрыс залы, стадион ұдайы жұмыс істейді. Бөлімшелерде спорттық бұрыштар құрылған, волейбол, футбол, шаңғы спорты және тағы басқа спорттық секциялар бар.

Мемлекеттік күзет қызметінің сарбаздары қатарында болу оңай емес, үміткерлерге қатаң талаптар қойылады. Ең бастысы мықты денсаулық, білімімен қатар, бет-әлпеті мен дене бітімі сымбатты болуы шарт. Мәселен, бойы 180 сантиметрден 190 сантиметрге дейін, бойы мен салмағының қалыптатылуы, орта (толық) білімі туралы аттестат, оқу және жұмыс орындарынан жақсы мінездеме болуы керек. Үміткердің моральды-іскерлік қасиеттеріне және

денешынықтыру дайындығына ерекше назар аударылды. Әскери қызмет үшін іріктелініп алынған үміткерлер Ұлттық қауіпсіздік комитеті органдарынан арнайы тексеруден өтеді.

Әскери ант қабылдауға Алматы қаласы әкімдігінің өкілдері, қоғам қайраткерлері, Мемлекеттік күзет қызметінің ардагерлері, сарбаздардың ата-аналары мен туыстары шақырылды. Жиылған қауымға Мемлекеттік күзет қызметінің әскери қызметшілері өз шеберліктерін, кәсіпқойлығын және іс-қимылдарының үйлесімдігін көрсетті. Президенттік үрмелі аспаптар оркестрі мен Құрмет қарауыл ротасы плац-концерттің жаңа бағдарламасын көрермен назарына ұсынды.

Бір ай бойы жас жауынгер курсынан өткен сарбаздар Ант беру салтанаты кезінде жұрт алдында өте қысқа мерзімде алған машық-дағдысын көрсетті. Қарумен және қарусыз саптық амалдарды көрсетіп, алаңнан салтанатты маршпен жүріп өтті. Ант қабылдағаннан кейін жас сарбаздар Мемлекеттік күзет қызметінің Астана және Алматыдағы әскери бөлімдеріне таратылады және әскери мерзім аралығында жүктелген аса жауапты міндеттерді атқаруға кіріседі. Атап айтқанда, ШЫҰ саммиті, шетел мемлекеттерінің басшыларын күтіп алу сияқты мемлекеттік маңызы бар қызметтерді атқарады. Мемлекеттік күзет қызметінің қолбасшылары, Ант қабылдау салтанатына арнайы келген ата-аналары жас сарбаздарға Отан алдындағы міндеттерін абыроймен орындаңдар деген аққолтай тілектерін айтып, баталарын беріп, шығарып салды.

**Қайыржан ТӨРЕЖАН**  
**«Айқап» апталығынан**

## Прокуратура көптеген дауларға қатысудан бас тартты

**Азаматтық істерге прокурорлардың қатысуын қысқарттық. Бұл туралы Елордада «Қазақстандағы сот билігінің тәуелсіздігі және сот өкімшілігі мәселелері» атты халықаралық конференцияда ҚР Бас прокуроры Жақып Асанов мәлім етті, деп хабарлайды ҚазАқпарат.**

«26-қадам (Ұлт жоспары) аясында азаматтық істер бойынша біз прокурорлардың қатысуын қысқарттық. Жеке тұлғалардың дауларына прокурордың араласуының реті жоқ. Бұл тұрғыда әрқайсысы өзін қорғайды және прокурорлық қолдау түріндегі айрықша құқыққа ешкім де ие болмауы тиіс», - деп нақтылады Жақып Асанов.

Осы орайда прокуратура органдары көптеген дауларға қатысудан бас тартқанын атап өтті. Бұл қадамдар өз кезегінде қылмыстық процеске көбірек назар аударуға мүмкіндік берді. Бүгінде ауыр және аса ауыр қылмыс бойынша әрбір іске процессуалдық прокурор тағайындалады. Ол үшін негізгі мақсат - лайықты қадағалауды қамтамасыз ету.

«Судьялар тарапы прокурорлар процеске дайын емес деген ескертуін айтып жатады. Себебі істі сотқа беру кезеңіндегі ғана прокурорлар онымен танысып жүр. Енді олар іс тіркелген сәттен бастап егжей-тегжейлі қадағалау жүргізеді. Ол үшін бізде қажетті мүмкіндіктер бар, өйткені бизнесті тексеру бағытындағы көптеген шаралардан бас тарттық, сондай-ақ азаматтық процестерден алыстадық. Сондықтан бұл резервтерді қылмыстық процеске арнап отырмыз», - деді Бас прокурор.

Айта кетейік, конференция жұмысына ҚР Жоғарғы Сотының төрағасы Қайрат Мәми, Жоғарғы Сот кеңесінің төрағасы Анатолий Смолин, Әділет министрі Марат Бекетаев, Грузия Жоғарғы сотының төрайымы Нино Гвенеттадзе, БҰҰ-ның Тұрақты үйлестірушісі Норимаса Шимомура, Еуропалық кеңестің сот реформалары білімінің басшысы Лилит Данегтян қатысуда.

## Жауынгерлік самбодан республикалық чемпионат өтті

**2017 жылдың 25-26 қарашада Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының спорт кешенінде академик Шайсұлтан Шаяхметовты еске алуға арналған жауынгерлік самбодан 23 жасқа дейінгі жастар арасындағы Қазақстан Республикасының дәстүрлі чемпионаты өтті.**

Шайсұлтан Шаяхметов - самбо күресінен спорт шебері атағын алған тұңғыш қазақ, Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Білім министрі.

Аталмыш іс-шараға еліміздің түкпір – түкпірінен 200-ден астам жас спортшылар жиналды.

Дәстүрлі чемпионаттың салтанатты ашылу рәсіміне Қазақстан Республикасының атақты жаттықтырушылары, команда жетекшілері, Қазақстан Республикасы спорт және дене шынықтыру істері комитетінің, Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасының өкілдері және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы бастығының міндетін атқарушы полиция полковнигі Сергей Николаевич Бачурин қатысты. Сергей Николаевич жарысқа қатысушы барлық спортшыларға сәттілік тілеп, жарыс чемпионатын ашық деп жариялады.

Жарыстың қолдаушысы академик Шайсұлтан Шаяхметовтың інісі, «Союз ТС» ЖШС бастығы Кахимбек Хамитұлы Сейдалиев, ал жарысты қатарынан абыроймен ұйымдастырып жүрген Қостанай қаласы әкімдігінің



спорт және дене шынықтыру бөлімінің басшысы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері Нұржан Бегайдарұлы Ермағамбетов және жарыстың биік деңгейде өтуіне ат салысып жүрген Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының бастығы полиция генерал-майоры Мирлан Ахмедияұлы Қызылов және академия ұжымы болды. Ашылу рәсімі басталысымен еліміздің гимні орындалып, туымыз көтерілді.

Жарыс – өте тартысты әрі қызықты өтті. «Ер жігіттің туы – намыс» деп Бауыржан Момышұлы атамыз айтып кеткендей күрескен балуандар боз кілемнің үстінде намысын қолдан жібермей, қарсыластарына дес бермей, барынша күш-жігерлерін салып күресуге тырысып бақты. «Жауырыны қақпақтай, білектері тоқпақтай» - деп батырлар жырында жырланатын жігіттер осы спортшыларды айтуға болады. Себебі, бұл жігіттер бар күш-жігерлерін боз кілемнің үстінде қарсыластарының қанаттарын қақтырмай жеңіске жету үшін бағыттаған болатын. Әрбір спортшының мақсаты – міндетті

түрде жеңіске жету, жеңімпаз атану және жүлделі орынды иелену еді.

А к а д е м и я м ы з д ы ң курсанттары да бұл жарыста өздерін ерекше көрсете білді. Өзіндік аса бір ерекшелігі бар спорттың бұл түрі адамның денесін ширатып, бұлшық еттерді қатайтады, төзімділікке, батылдылыққа, ептілікке, керек кезінде тез ойланып, әдіс таба білуге машықтандырады.

Тартысты жарыста жанкүйер қонақтардың делебесін қоздырған академияның 4-курс курсанты Мақсат Жаппар мен 3-курс курсанты Рүстем Еркемұлының айқасы көпшілікті бей-жай қалдырмады. Екеуінде намысты қолдан бермей, күштері жеткенше жеңілмеуге тырысты. Боз кілем үстінде өзін ширақ ұстап, қарсыласынан ұпай санымен басым түскен Мақсат Жаппар жеңіске жетті.

Дүбірлі дода аяғында күші басым түскен, жеңіс тұғырының төріне көтерілген балуандар боз кілемнің үстінде күш-жігерлерін шыңдай отырып, көрсеткен нәтижелері бойынша марапатталды. Сонымен, жарыста жеңімпаз атанған

балуандардың нәтижелері: 52 келі дейінгі салмақ дәрежесінде бірінші орынды атыраулық Еркебулан Қуанғалиев, 57 салмақ дәрежесінде ақмола облысының балуаны Иса Бердібаев, 62 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде бірінші орынды астаналық Бейбарыс Бауыржанов, 68 салмақтан алматылық Азамат Рақымбаев, 74 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде бірінші орынды Қостанай академиясының 4-курс курсанты Мақсат Жаппар және 82 келіге Қостанай академиясының курсанты Нұрбол Құрбан, 90 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде жүлделі орынды алматылық Константин Солдатов, ал 100 келі салмақ дәрежесінде 1-ші орынды қостанайлық Темірлан Сапаров иеленді. Аса ауыр салмақ дәрежесі 100-ден жоғары салмақта қостанайлық Талғат Жиентаев жеңіп алды.

Алдағы жылғы 26-29 қаңтарда Астана қаласында өтетін Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың жүлдесіне арналған әлем кубогінің жарысына қатысуға академияның бір топ курсанты Рүстем Еркемұлы, Темірлан Сапаров, Бексұлтан Оразымбетов, Қажығали Қожабеков Бақтияр Болатов, Нұрбол Құрбан кезекті жолдама алды.

Бұл жеңіс – үздіксіз, жоғары деңгейдегі дайындықтарының жемісі. Әрине, бұл сын спортшылар үшін оңайға түспегені анық. Десек те еліміздің жас спортшылары бәтәуірмен сынап, бұл сыннан лайықты әрі сүрінбей өтті деуге әбден болады.

**Мейрам ОСПАНОВ,**  
**ҚР ІІМ Академиясының**  
**баспасөз хатшысы**

## Діни ұстанымына қатысты үш шектеу

**Мемқызметшілердің діни ұстанымына қатысты нақты үш шектеу болады. Аталған шектеулерді бұзғаны үшін тәртіптік жаза қолданылады, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.**

«Біз мемлекеттік қызметшілердің діни ұйымдардың мүддесі үшін қызмет еткені үшін нақты жауапкершілікті енгізуді көздейміз. Себебі Қазақстан - зайырлы мемлекет, бұл жерде барлық діндердің дәрежесі тең. Бізде ресми дін жоқ, барлық барлық професиялардың құқығы бірдей. Сондықтан біз мемлекеттік қызметтегі адамдарға діни көзқарасқа қарай ықпал етуге жол бермеуіміз керек. Ондай норманы мемлекеттік қызмет туралы заңға енгізу жоспарланып отыр. Осы норманы бұзғаны үшін тәртіптік жаза қолданылады», - деді ҚР Дін істері және азаматтық қоғам министрі Нұрлан Ермекебаев бүгін дипломатиялық корпуспен кездесу кезінде.

Министрдің айтуынша, мемлекеттік қызметшілер үшін нақты үш шектеу болады. Біріншіден, қандай да бір діни ұйымның мүддесі үшін қызмет бабын пайдалануға рұқсат жоқ. Екіншіден, әріптестерді белгілі бір діни ұйымға кіруге үндегені үшін жауапкершілік енгізіледі. Үшіншіден, мемлекеттік қызметшілерге діни ұйымның мүшелігіне етуге болмайды. «Онымен біз мемқызметшілерге мешіттер және тағы басқа габидат орындарына баруға тыйым салып отырған жоқпыз. Жаңағы үш шектеу ғана болады», - деп атап көрсетті Ермекебаев.

Айта кетейік, ҚР Сыртқы істер министрлігінде өткен баспасөз мәслихатында ҚР Дін істері және азаматтық қоғам министрі Нұрлан Ермекебаев елшілер үшін арнайы баспасөз мәслихатын өткізді. Министр діни қызмет және діни бірлестіктерге арналған заңнамаға қандай өзгерістердің енгізілетінін кеңінен айтып берді.

**Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru**